

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің, оның филиалдары мен трассалық медициналық-құтқару пункттерінің басшылары, мамандары мен қызметкерлері лауазымдарының Үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 28 қыркүйектегі № 472 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 қыркүйекте № 24557 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 17) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесі филиалдарының және трассалық медициналық-құтқару пункттерінің басшылары, мамандары және қызметкерлері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі

Ю. Ильин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

1 тарау. Кіріспе

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің, оның филиалдарының және трассалық медициналық-құтқару пункттерінің басшылар мен қызметкерлер лауазымдарының біліктілік сипаттамалары (бұдан әрі – Біліктілік сипаттамалары) ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру ерекшеліктерін, олардың құқықтары мен жауапкершілігін ескере отырып, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінің нақты тізбесін қамтитын төтенше жағдайлар саласындағы қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеу үшін, кадрларды іріктеу және орналастыру үшін, оларды пайдаланудың тиімділігін бақылауды жүзеге асыру үшін, төтенше жағдайлар саласындағы ұйымдардың қызметкерлерін атқаратын лауазымына сәйкестігіне аттестаттау жүргізу үшін негіз болады.

2. Бухгалтер, экономист, заңгер, кадрлар жөніндегі маман, аудармашы, психолог және өзге де мамандар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары барлық қызмет салаларына ортақ мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларында айқындалған.

3. Біліктілік сипаттамаларын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесі әзірледі.

2 тарау. Басшылар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Басшы-дәрігер

4. Лауазымдық міндеттері:

Апаттар медицинасы орталығының (бұдан әрі – Орталық) және оның филиалдарының жұмысына, Орталықтың қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуына және тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады;

Орталықтың саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды, көрсетілетін медициналық-психологиялық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі

арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді;

Орталық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылдарын көрсетілетін медициналық және психологиялық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды;

филиалдар мен мобильді топтардың төтенше жағдайлар аймағында емдеу-эвакуациялау іс-шараларын жүргізуге дайындығын қамтамасыз етеді;

зардап шеккен адамдарға шұғыл медициналық көмек көрсету және ұйымдастыру мақсатында түрлі сипаттағы төтенше жағдайға шығуды жүзеге асырады;

Орталықты білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдайды;

Орталық қызметін талдау және оның жұмыс көрсеткіштерін бағалау негізінде орталық жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шаралар қабылдайды;

еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамалары мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді;

Орталықтың қызметінде медициналық этика, заңдылық талаптарының сақталуын, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелерінде сақталуын қамтамасыз етеді;

Орталық қызметкерлерін және филиалдардың басшыларын жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасады, мәмілелер жасайды;

өз құзыретіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады;

мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сот ұйымдарында ұйымның мүддесін білдіреді;

медициналық этиканың, ішкі еңбек тәртібі талаптарының, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдаланудың орындалуын, ақпараттық қауіпсіздіктің, өрт қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың, санитариялық-эпидемиологиялық режимнің сақталуын қамтамасыз етеді.

5. Ол:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы (бұдан әрі-Қазақстан Республикасының Конституциясы);

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (бұдан әрі- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі);

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан әрі-Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі);

2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодекс);

2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодекс);

2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заң);

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңы (бұдан әрі – "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заң);

"Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңы (бұдан әрі – "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заң);

Денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілер мен нормативтік құжаттар.

6. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары медициналық білім, апаттар медицинасы саласында басшылық лауазымдарда немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

2-параграф. Басшының орынбасары-дәрігер

7. Лауазымдық міндеттері:

бағынысты бөлімшелердің қызметіне басшылықты қамтамасыз етеді, олардың жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады, көрсетілген медициналық және психологиялық қызметтердің сапасына жүйелі бақылау жасайды;

Орталықтың қызметін жоспарлау бойынша ұйымдастыру жұмысын, орталықтың медициналық және психологиялық қызметін талдауды жүзеге асырады;

өзіне сеніп тапсырылған материалдық-техникалық, дәрілік ресурстарға, сондай-ақ олардың сақталуы мен мақсатты пайдаланылуына дербес жауапты болады;

көрсетілетін медициналық және психологиялық қызметтердің сапасын арттыруды, персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді;

зардап шеккен адамдарға шұғыл медициналық көмек көрсету және ұйымдастыру мақсатында түрлі сипаттағы төтенше жағдайға шығуды жүзеге асырады;

медицина кадрларының еңбегін ұтымды орналастыру мен ұйымдастыруды, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін дамытуды қамтамасыз етеді;

Орталықтың қызметі туралы статистикалық есеп жүргізуді және есеп беруді ұйымдастырады;

Орталық бөлімшелерінің операциялық (Стратегиялық жоспар), даму жоспарларының стратегиялық мақсаттарын, міндеттерін және іс-шараларын

орындауын мониторингілеу жөніндегі қызметті одан әрі даму перспективаларының ұсыныстарымен ұйымдастырады, басшылыққа орталықтың стратегиялық даму мәселелері бойынша басқарушылық шешімдердің жобаларын ұсынады;

кадр саясатын қалыптастыруға және жүргізуге, персоналды басқару және дамытуға және еңбек қатынастарын реттеуге қатысады;

өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасайды, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастырады;

заңнамамен берілген құқықтар шегінде орталықтың қаржы-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты мәселелерді бақылайды, шарттар жасасады, орталық қызметінің мәселелері бойынша басқа ұйымдармен немесе басқа заңды тұлғалармен жұмыс жүргізеді;

құзыреті шегінде мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта ұйым атынан өкілдік етеді;

еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін, медициналық этиканы дамытуға, ішкі еңбек тәртібі талаптарының орындалуына, өртке қарсы қауіпсіздікті, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды, санитариялық-эпидемиологиялық режимді сақтауға ықпал етеді;

бұқаралық ақпарат құралдары немесе әлеуметтік желілер арқылы жүргізілетін іс-шараларды үйлестіреді, бөлімшелер арасында, сондай-ақ басқа ұйымдардың төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарларының алдын алу және жою жөніндегі органдарымен ақпарат алмасуды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

Орталықтың бөлімшелері мен мобильді топтарының төтенше жағдайлар аймағында емдеу-эвакуациялау іс-шараларын жүргізуге дайындығын қамтамасыз етеді;

Орталық құралымдарының командалық-штабтық оқу-жаттығуларды, жаттығуларды, тактикалық-арнайы оқу-жаттығуларды өткізуге қатысу дайындығын қамтамасыз етеді ;

нормативтік құқықтық актілердің, Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) басшылығы нұсқауларының және өзге де басқарушылық шешімдердің орындалу барысына, сондай-ақ Министрлік қызметінің стратегиясын іске асыруға тұрақты мониторингті ұйымдастырады;

негізгі құралдарды есептен шығару жөніндегі комиссияны басқарады.

8. Ол білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

Денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілер мен нормативтік құжаттар.

9. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары медициналық білім, апаттар медицинасы саласында басшылық лауазымдарда немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

3-параграф. Шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімінің басшысы-дәрігер

10. Лауазымдық міндеттері:

радиостанцияны (рацияны) пайдалана отырып, төтенше жағдай туындаған немесе туындау қаупі болған жағдайда шұғыл медициналық көмек көрсету жөніндегі бригада құрамында медициналық көмек көрсету жөніндегі іс-қимылдарға басшылықты және үйлестіруді жүзеге асырады;

бос медициналық лауазымдарға үміткерлерді іріктеуді жүзеге асырады және Орталық басшылығына қызметкерлерді жоғары лауазымдарға ұсыну, ауыстыру, босату, көтермелеу, тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

қажет болған жағдайда белгіленген тәртіппен мемлекеттік басқару органдарымен, денсаулық сақтау ұйымдарымен ынтымақтасады және төтенше жағдайдың медициналық-санитариялық салдарларын дайындауды жоспарлау және жою мәселелері бойынша Орталық филиалдарымен және трассалық медициналық-құтқару пункттерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

бөлім қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік және директивалық құжаттарды әзірлеуге қатысады;

өз құзыреті шегінде бөлімнің ұйымдастырушылық, директивтік және медициналық қызметін талдайды;

радиостанцияны (рация) пайдалана отырып, төтенше жағдайлар және олардың медициналық-санитариялық салдарларын жою кезінде халықты медициналық қамтамасыз ету іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге қатысады);

Орталық құралымдарын жарактандыру үшін дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар, жабдықтар резервін құруды ұйымдастырады және бақылайды;

Орталық филиалдарының медициналық жабдықтарының жарамдылығын бақылауды жүзеге асырады;

медициналық көмек көрсету үшін қажетті дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың жеткілікті санының болуын, олардың сақталуын және ұтымды пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етеді;

командалық-штабтық оқу-жаттығуларды, жаттығуларды, тактикалық - арнайы оқу-жаттығуларды өткізуге қатысады;

филиалдардың жеке құрамының командалық-штабтық оқу-жаттығуларды, тактикалық-арнайы оқу-жаттығуларды өткізуге дайындығын бақылауды жүзеге асырады.

11. Ол:

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;
еңбек заңнамасының негіздері;

Денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілерді білуі тиіс.

12. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары медициналық білім, денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдарда немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

4-параграф. Шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімінің басшы орынбасары-дәрігер

13. Лауазымдық міндеттері:

радиостанцияны (рация) пайдалана отырып, шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімі бригадасы құрамында медициналық көмек көрсету мақсатында төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізуге қатысады.

Орталық бөлім қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастырады және бақылайды және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету бойынша Орталық филиалдарының ұқсас бөлімдерінің қызметін үйлестіреді;

қабылданатын нормативтік құқықтық актілердің және басшылықтың нұсқауларының, сондай-ақ медициналық қызметке қатысты өзге де басқарушылық шешімдердің уақтылы орындалуын ұйымдастырады;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге және авариялық-құтқару бөлімшелерінің қызметкерлеріне медициналық көмек көрсету сапасын сараптау және бақылауды жүзеге асырады;

Орталық филиалдарының медициналық сипаттағы есеп құжаттарын жүргізуін, сондай-ақ оның уақтылы ұсынылуын бақылайды;

Орталық құралымдарының қызметі бойынша жиынтық-статистикалық есептер мен ақпараттық-талдау материалдарын дайындауды ұйымдастырады;

медициналық жабдықтардың дұрыстығын бақылайды, Орталық филиалдарының медициналық жабдықтарын метрологиялық тексеруді және техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

Орталық медицина қызметкерлерінің дайындығын бақылайды;

медициналық көмек көрсету, оларды сақтау және ұтымды пайдалану үшін қажетті дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың жеткілікті санының қамтамасыз етілуін бақылайды.

14. Ол:

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;
еңбек заңнамасының негіздері;

Денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілерді білуі тиіс.

15. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары медициналық білім, денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдарда немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

5-параграф. Шұғыл психологиялық көмек көрсету бөлімінің басшысы-психолог

16. Лауазымдық міндеттері:

бөлімге бекітілген міндеттер мен функциялардың орындалуына басшылық ету және бақылау, бөлім қызметкерлері арасында жұмысты бөлу;

филиалдардың психологиялық қызметіне жетекшілік ету, филиалдардың психологтарына практикалық және әдістемелік көмек көрсету;

төтенше жағдай туындаған кезде Орталық психологтарының іс-қимылға дайындығын қамтамасыз ету;

төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге, оның ішінде авариялық-құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарға қатысатын қызметкерлерге шұғыл психологиялық көмек ұйымдастыру және көрсету;

Қазақстан Республикасы Орталық қызметкерлерімен және Министрліктің қызметкерлерімен психодиагностикалық, профилактикалық және психокоррекциялық іс-шаралар, сондай-ақ ұжымдардағы моральдық-психологиялық ахуалды зерделеу жөніндегі іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;

жүгінген адамдарға "шұғыл желі" телефоны бойынша ақпараттық және шұғыл психологиялық көмек көрсетуді, кіріс қоңырауларын есепке алу журналында өтініштерді тіркеуді ұйымдастыру;

төтенше жағдайлардың психологиялық салдарын болжау, ол үшін қажетті күштер мен құралдарды есептей отырып, шұғыл психологиялық көмек көрсетуге бағытталған іс-шараларды өткізу бойынша шешімдер қабылдау үшін ұсыныстар дайындау;

зардап шеккен адамдарға шұғыл психологиялық көмек көрсету мақсатында әртүрлі сипаттағы төтенше жағдайға шығуды жүзеге асыру;

командалық-штабтық және тактикалық-арнайы оқу-жаттығуларға қатысу;

атқарылған жұмыс туралы есептерді, анықтамаларды және басшылыққа баяндау үшін басқа да құжаттарды дайындауды ұйымдастыру және бақылау;

Орталық және оның филиалдары психологтарының біліктілігін арттыруды ұйымдастыруды жүзеге асыру;

Орталық филиалдарының қызметін тақырыптық және кешенді тексеруге қатысу;

Бөлім құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Министрлік бөлімшелерімен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

17. Ол:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

еңбек заңнамасының негіздері;

Денсаулық сақтау, Психология және төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарды білуі тиіс.

18. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары психологиялық білім, жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес.

6-параграф. Шұғыл психологиялық көмек көрсету бөлімінің зертхана басшысы

19. Лауазымдық міндеттері:

Орталық қызметкерлерімен және Министрлік кадр қызметін, Министрлік жеке құрамын жіберу кезінде психодиагностикалық және психофизиологиялық зерттеулерді жалпы ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асыру;

Орталық филиалдары психологтарының психодиагностикалық қызметін бақылау; психодиагностикалық зерттеулер жүргізуге, зерттеу нәтижелері бойынша қорытындылар (психологиялық сипаттамалар) мен ұсынымдар дайындауға тікелей қатысу;

"бақылау тобына" жататын адамдарды анықтау, "бақылау тобына" жататын адамдармен психокоррекциялық іс-шаралар жүргізу жөнінде ұсынымдар дайындау;

зерттелетін адамның психологиялық сипаттамасы, кадр қызметінің қызметкерлеріне ұсынымдар, консультациялық және психокоррекциялық іс-шараларға айғақтарды айқындау, зертханада жүргізілетін тексерулер нәтижелері негізінде қорытындыларға қол қою қамтылған қорытындыларды жасау;

психодиагностикалық іс-шараларды жүргізу туралы есепке алу-есеп беру құжаттамасын қалыптастыру;

Орталық филиалдары қызметіне тақырыптық және кешенді тексеруге қатысу;

Бөлім құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Министрліктің ведомстволық бағынысты бөлімшелерімен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылды ұйымдастыруға қатысу;

Орталық психологтарын даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

жүгінген адамдарға "шұғыл желі" телефоны бойынша ақпараттық және шұғыл психологиялық көмек көрсетуді, кіріс қоңырауларын есепке алу журналында өтініштерді тіркеуді ұйымдастыру;

зардап шеккен адамдарға шұғыл психологиялық көмек көрсету мақсатында әртүрлі сипаттағы төтенше жағдайға шығуды жүзеге асыру.

20. Ол:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

еңбек заңнамасының негіздері;

Денсаулық сақтау, Психология және төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарды білуі тиіс.

21. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары психологиялық білім, жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес.

7-параграф. Талдау және жоспарлау жұмысы бөлімшесінің басшысы-дәрігер

22. Лауазымдық міндеттері:

Орталық қызметін жоспарлау бойынша жұмысқа басшылықты жүзеге асыру.

Орталық ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді даму жоспарларын әзірлеуге басшылықты жүзеге асыру;

Орталық қызметіне қатысты Министрліктің стратегиялық, операциялық жоспарларының, хаттамалық шешімдерінің іске асырылуын және орындалуын бақылау ;

Орталық жоспарының тармақтарын іске асыру мен орындалуын бақылау;

жоспарларды, шешімдерді орындау нәтижелері туралы тиісті есептерді ұсынуды бақылау;

Орталық құралымдары қызметінің көрсеткіштеріне талдау жүргізуге және келесі жылдарға арналған осы көрсеткіштердің болжамын анықтауға басшылықты жүзеге асыру;

басшылықты хабардар ету үшін филиалдар жұмысының көрсеткіштерін мониторингілеу және талдау нәтижелері бойынша материалдар дайындауды жүзеге асыру;

бөлімшенің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды үйлестіру, газеттерде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдарды ұйымдастыру;

Министрліктің құрылымдық бөлімшелерімен Орталық қызметі туралы ақпаратты веб-сайтта, Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволық басылымдарында және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

радиостанцияны (рация) пайдалана отырып, шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімі бригадасы құрамында төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарларын жою бойынша іс-шараларды жүргізуге және медициналық көмек көрсетуге қатысу);

Орталық филиалдарының клиникалық жұмысына әдістемелік және консультациялық көмек көрсету.

23. Ол:

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын,
экономика және еңбек заңнамасының негіздері;

Денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарды білуі тиіс.

24. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары медициналық білім, денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдарда немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

8-параграф. Тылдық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

25. Лауазымдық міндеттері:

бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға Бөлім қызметін бақылауды жүзеге асырады;

Орталық оның қызметі үшін қажетті сападағы барлық материалдық ресурстармен қамтамасыз етуді және оларды ұтымды пайдалануды ұйымдастырады;

тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды тиімді жоспарлауға, ұйымдастыруға және жүзеге асыруға бақылауды жүзеге асырады;

жеткізушілермен шарттар жасасуды дайындауды, жеткізу шарттары мен мерзімдерін келісуді бақылауды жүзеге асырады;

заң бөлімімен бірлесіп, егер шарттық міндеттемелер бұзылған болса, өндірушілермен және жеткізушілермен наразылық жұмысын ұйымдастырады;

Материалдық ресурстардың жеткізілуін бақылауды жүзеге асырады;

қойма шаруашылығының жұмысына бақылауды жүзеге асырады, қажетті сақтау шарттарын сақтау бойынша шаралар қабылдайды;

филиалдардың техникасы мен жабдығының жай-күйі туралы ақпаратты жинауды және қорытуды бақылауды жүзеге асырады, уақтылы жөндеу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

26. Ол:

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңын,

Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңын;

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін"

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңын; еңбек заңнамасының негіздері;

өндірістік қызметті реттейтін құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарды білуі тиіс.

27. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары білім (экономикалық, заң), жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес.

9-параграф. Тылдық қамтамасыз ету бөлімі басшысының орынбасары

28. Лауазымдық міндеттері:

Орталық және оның бөлімшелерінің жөндеу-пайдалану қажеттіліктерін шешуді, сондай-ақ белгіленген шығыс нормаларын пайдалана отырып, материалдық ресурстарға (материалдар, жабдықтар, жинақтаушы бұйымдар, отын) қажеттілікті айқындау негізінде қажетті қорлар құруды ұйымдастырады;

тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жоспарлаудың, ұйымдастырудың және жүзеге асырудың тиімділігін қамтамасыз етеді;

жеткізушілермен шарттар жасасуды дайындауды, жеткізу шарттары мен мерзімдерін келісуді ұйымдастырады;

өндірушілермен және жеткізушілермен, егер олар шарттық міндеттемелерін бұзса, наразылық жұмысын ұйымдастырады;

Орталық мемлекеттік сатып алу бойынша есеп беруді қамтамасыз етеді;

материалдық ресурстардың жеткізілуін бақылауды, олардың санын, сапасын, жинақтылығын бақылауды және Орталық қоймаларында сақтауды қамтамасыз етеді;

материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру, оларды тасымалдау мен сақтауға байланысты шығындарды азайту, олардың жұмсалуын бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді және енгізуді басқарады;

филиалдардың техникасы мен жабдығының жай-күйі туралы ақпаратты жинауды және қорытуды ұйымдастырады, уақтылы жөндеу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

қаржылық қамтамасыз ету тобымен бірлесіп, Орталық сатып алу шығындарының есебін жүргізеді, бюджет қаражатының бөлінген лимиті шегіндегі шығындарды реттейді.

29. Ол:

"Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін"

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын еңбек заңнамасының негіздері;

өндірістік қызметті реттейтін құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарды білуі тиіс.

30. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары білімі, жұмыс стажына талап қойылмайды немесе техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі, жұмыс стажы кемінде 3 жыл болуы тиіс.

10-параграф. Дәріхана меңгерушісі

31. Лауазымдық міндеттері:

дәріхананы толықтай басқарады;

Орталық филиалдары дәрілік препараттармен уақытылы және сапалы қамтамасыз етуді жүзеге асыру бойынша жұмысты ұйымдастырады;

медициналық көмек көрсету үшін қажетті дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар ассортиментінің болуын қамтамасыз етеді;

Орталық филиалдарын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру саласындағы қызмет процесінде туындайтын міндеттерді шешуге қатысады;

аумақтық филиалдардан өтінімдерді қабылдауды және дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды босатуды жүзеге асырады;

дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар бойынша Орталық бюджеттік өтінімін қалыптастырады және ұсынады;

материалдық құндылықтарды сақтау мақсатында дәрілік заттарды, медициналық аспаптарды, жабдықтарды, санитариялық-шаруашылық және арнайы мүлікті сақтаудың температуралық режимін және басқа да ерекше жағдайларын сақтауды, сондай-ақ материалдық құндылықтарды сақтау қағидаларын сақтауды қамтамасыз етеді;

сақталатын мүліктің сандық және сапалық жай-күйіне (оның ішінде қабылдау кезінде) тұрақты түрде тексеру жүргізеді және анықталған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды;

дәріхананың материалдық ресурстарын ұтымды пайдалануды жүзеге асырады;

Орталық филиалдары бойынша дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды жөнелтуді және тиісті ілеспе құжаттарды дайындауды жүзеге асырады;

материалдық құндылықтар бойынша есеп пен белгіленген есептілікті жүргізуді қамтамасыз етеді, "СК-Фармация" бірыңғай дистрибьюторы үшін есептерді дайындауды және ұсынуды жүзеге асырады;

филиалдардың дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға жауапты қызметкерлері арасында фармацевтикалық қызмет бойынша ақпараттық жұмыс жүргізеді.

32. Ол:

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

еңбек заңнамасының негіздері;

Денсаулық сақтау, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілерді білуі тиіс.

33. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары фармацевтикалық білім, мамандығы бойынша жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес.

3-тарау. Мамандар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімінің дәрігері

34. Лауазымдық міндеттері:

радиостанцияларды (рация) пайдалана отырып, шұғыл медициналық көмек бөлімінің бригадасы құрамында төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізуге және медициналық көмек көрсетуге қатысады;

шұғыл жинау кезінде қызметкерлерді хабардар ету схемалары мен тәртібін, басқа ведомстволардың шұғыл ден қою қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау жоспарлары мен схемаларын әзірлейді және түзетеді;

орталық топтарының дайындығын бақылайды;

командалық-штабтық, тактикалық-арнайы оқу-жаттығуларды, жиын-семинарларды, сабақтарды, жаттығуларды және басқа да іс-шараларды өткізу бойынша құжаттама жобаларын әзірлейді;

Төтенше жағдайларды жоюға, тактикалық-арнайы және командалық-штабтық оқу-жаттығуларға қатысуға, іс-шараларды медициналық қамтамасыз етуге тартылатын орталықтың күштері мен құралдарының есебін жүргізеді;

Төтенше жағдайларды жою, тактикалық-арнайы және командалық-штабтық оқуларды, қоғамдық іс-шараларды медициналық қамтамасыз ету кезінде Орталықтың жеке құрамының қатысуы туралы есептік ақпаратты дайындайды;

медициналық сипаттағы есепке алу құжаттамасын жүргізуді, сондай-ақ оны Орталық филиалдарының уақтылы ұсынуын қамтамасыз етеді;

келіп түскен ақпаратты жинауды, бағалауды және жүйелеуді, деректерді жинақтауды және талдауды жүзеге асырады;

орталық қызметі бойынша жиынтық-статистикалық есептер мен ақпараттық-талдау материалдарын дайындайды, оны басшылыққа және құрылымдық бөлімшелерге уақтылы ұсынады;

орталықтың дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етілуі мен қажеттілігін есептейді;

филиалдардың кезекші-диспетчерлік қызметтерімен күнделікті өзара іс-қимылды жүзеге асырады, жедел ақпараттың уақтылы ұсынылуын бақылайды;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге және авариялық-құтқару бөлімшелері қызметкерлеріне медициналық көмек көрсету сапасына сараптама мен бақылауды жүзеге асырады;

орталықтың қолда бар медициналық жабдықтары мен аппаратурасының есебін жүргізеді, орталықты жете жарақтандыру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

35. Ол:

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

еңбек заңнамасының негіздері;

Денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілер.

36. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары медициналық білімі, Денсаулық сақтау саласындағы мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі, Денсаулық сақтау саласындағы маманның сертификаты.

2-параграф. Талдау және жоспарлау жұмысы бөлімшесінің дәрігері

37. Лауазымдық міндеттері:

Орталық жыл сайынғы жұмыс жоспарын әзірлеу және оның орындалу нәтижелері туралы есептер дайындау;

Орталық қызметіне қатысты Министрліктің стратегиялық, операциялық жоспарларының, хаттамалық шешімдерін әзірлеу және орындалуын бақылау;

жоспарларды, шешімдерді, хаттамалық тапсырмаларды орындау нәтижелері туралы тиісті есептерді дайындау және уақтылы ұсыну.;

Орталық филиалдарының жұмыс көрсеткіштерін мониторингілеу нәтижелері бойынша материалдарды жинау, өңдеу, талдау және қорыту;

Орталық филиалының клиникалық жұмысына әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;

зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету мақсатында радиостанцияны (рация) пайдалана отырып, әртүрлі сипаттағы төтенше жағдайға шығуды жүзеге асыру);

Орталық қызметін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру; бөлімшенің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру, газеттерде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдарды ұйымдастыру;

Орталық құрылымдық бөлімшелерінен ақпараттық материалдарды жинау, оларды жинақтау, редакциялау және Министрліктің веб-сайтында және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру.

38. Ол:

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

экономика және еңбек заңнамасының негіздері;

Денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілерді білуі тиіс.

39. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары медициналық білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты.

3-параграф. Тылдық қамтамасыз ету бөлімінің мемлекеттік сатып алулар бойынша инспекторы

40. Лауазымдық міндеттері:

филиалдардың техникасы мен жабдығының жай-күйі туралы ақпаратты жинауды және қорытуды ұйымдастырады, уақтылы жөндеу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

филиалдарды жанар-жағармай материалдарын (бұдан әрі – ЖЖМ) қамтамасыз етеді (баянаттарды өңдеу, ЖЖМ беру);

аймақтық автокөліктердің қозғалысын қадағалайды, мәліметтер жинау-лимит / факт ;

автокөлік жүрісі бойынша ай сайынғы есепті жасайды;

филиалдар мен трассалық медициналық-құтқару пункттері (бұдан әрі – ТМҚП) көлік құралдарының техникалық жағдайын бақылайды;

автокөлік құралдарының есептік деректеріне жұмыс жүргізеді;

автокөлік құралдарын техникалық байқаудан өткізуді және сақтандыруды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

филиалдардың және ТМҚП Көлік құралдарын пайдалану және ұстау бөлігі бойынша ақпарат пен қызмет жинауды жүргізеді;

көлік құралдарын, гараж жабдықтарын, қосалқы бөлшектер мен пайдалану материалдарын сатып алу жоспарына баға ұсыныстарын жинақтауды жүзеге асырады;

филиалдардың және ТМҚП автотехникасы бойынша ақау туралы ақпаратты жинайды және жинақтайды;

филиалдардың автотехникасын жөндеуге баға ұсыныстарын жинақтайды және жинақтайды;

өрт дабылына техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

дизель генераторларына техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

трансформаторлық қосалқы станцияларға техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген республикалық бюджет қаражатының ұтымды жұмсалуды қамтамасыз етуге тікелей қатысады;

бекітілген жылдық бюджет негізінде Орталық Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеуді ұйымдастырады, бюджетте ескертулер анықталған жағдайда оларды бюджетке және тиісінше мемлекеттік сатып алу жоспарына өзгерістер, түзетулер енгізу мақсатында тиісті бөлімшелердің назарына жеткізеді;

жеткізушілермен шарттар жасасуды дайындауды, жеткізу шарттары мен мерзімдерін келісуді қамтамасыз етеді, бекітілген өңірлер бойынша шарттар-келісімдерді (қабылдау, өңдеу, тіркеу) ресімдеу бойынша операцияларды орындайды;

өткізілген Мемлекеттік сатып алу туралы өтінімдердің, қызметтік жазбалардың және құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді;

сатып алу әдістері мен тәсілдерін айқындайды, өнім берушілермен және мердігерлермен шоттар мен шарттарды тіркейді;

республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен тауарларды сатып алуға, қажетті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді алуға бағытталған өткізілетін іс-шаралар кешенін қамтитын мемлекеттік сатып алу процесін жүзеге асырады;

тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша ашық конкурстарды ұйымдастыру және өткізу үшін құжаттарды, ашық конкурстарды өткізу туралы бұйрықтардың жобаларын, конкурстық құжаттаманы, конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасын және ашық конкурстар бойынша қорытындылар хаттамасын дайындайды, өткізілген конкурстардың қорытындылары бойынша тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша шарттарды жасайды және жасасады;

өнім берушілердің шарттардың (банк кепілдіктерінің) орындалуын қамтамасыз етуді ұсынуын бақылауды жүзеге асырады);

баға ұсыныстарын сұратуды пайдалана отырып, өнім берушіні таңдау тәсілімен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу үшін құжаттар дайындайды, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша шарттар жасайды және жасасады;

бір көзден сатып алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу үшін құжаттарды, бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды өткізу туралы бұйрықтардың жобаларын; бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу хаттамаларын дайындайды, тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша шарттар жасасады.

41. Ол:

"Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін"

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын; еңбек заңнамасының негіздері;

өндірістік қызметті реттейтін құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарды білуі тиіс.

42. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

4 тарау. Қызметкерлер лауазымдарының әліпбилік көрсеткіші

43. Қызметшілер лауазымдарының әліпбилік көрсеткіші Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесінің басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына қосымшада көрсетілген.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі
"Апаттар медицинасы
орталығы" мемлекеттік
мекемесінің басшылары
мен мамандары
лауазымдарының үлгілік
біліктілік сипаттамаларына
қосымша

Лауазымдардың әліпбилік көрсеткіші

--	--	--	--

	Лауазымдар атауы	Параграф (§)	Беттің №
	1 тарау. Кіріспе	-	3
	2 тарау. Басшылар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	-	3
1.	Басшы – дәрігер	§ 1	3
2.	Басшы орынбасары-дәрігер	§ 2	5
3.	Шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімінің басшысы-дәрігер	§ 3	7
4.	Шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімінің басшы орынбасары-дәрігер	§ 4	8
5.	Шұғыл психологиялық көмек көрсету бөлімінің басшысы-психолог	§ 5	9
6.	Шұғыл психологиялық көмек көрсету бөлімінің зертхана басшысы	§ 6	10
7.	Талдау және жоспарлау жұмысы бөлімшесінің басшысы-дәрігер	§ 7	12
8.	Тылдық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы	§ 8	13
9.	Тылдық қамтамасыз ету бөлімінің басшы орынбасары	§ 9	14
10.	Дәріхана меңгерушісі	§ 10	15
	3 тарау. Мамандар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары	-	16
11.	Шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімінің дәрігері	§ 1	16
12.	Талдау және жоспарлау жұмысы бөлімшесінің дәрігері	§ 2	17
13.	Тылдық қамтамасыз ету бөлімінің мемлекеттік сатып алулар бойынша инспекторы	§ 3	18

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2021 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 472
№ 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі "Апаттар медицинасы орталығы" мемлекеттік мекемесі филиалдарының және трассалық медициналық-құтқару пункттерінің басшылары, мамандар мен қызметкерлер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

1 тарау. Басшылар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Филиал басшысы-дәрігер

1. Лауазымдық міндеттері:

Апаттар медицинасы орталығы филиалының (бұдан әрі – Филиал) жұмысын ұйымдастырады және басқарады;

Филиалдың кадрларын іріктеуді, филиалдың жеке құрамын даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

Филиалдың негізгі қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

Филиалдың негізгі қызметінің іс-шараларын жоспарлауды, оның негізгі қызметінің тәртібін анықтайтын бұйрықтар мен нұсқаулық-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеуді қамтамасыз етеді;

Төтенше жағдайлар қаупі немесе туындауы кезінде медициналық-санитариялық жағдайды бағалауға қатысады, мекеменің мақсатына сәйкес медициналық-санитариялық іс-шараларды жүргізуге шешім қабылдау жөнінде ұсыныстар әзірлейді, күштер мен құралдардың қажеттілігі мен қамтамасыз етілуінің қажетті есептеулерін жүргізеді;

медициналық құрамды кәсіби даярлау бойынша оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеуге қатысады. Филиал қызметкерлерінің кәсіби даярлық жүйесінде сабақтарды жеке өзі жүргізеді;

медициналық есепке алу мен есептіліктің белгіленген құжаттарының дұрыс жүргізілуін және анықтығын бақылайды;

Филиалдың құрылымы, жабдықталуы және жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізеді;

медициналық-санитариялық жағдай деректерін пайдалану, олардың дамуының объективті заңдылықтарын есепке алу, сондай-ақ төтенше жағдайлар кезінде жүргізілетін медициналық-санитариялық іс-шараларды талдау негізінде филиал құралымдарының штат құрылымының және олардың алдында тұрған міндеттерге жұмысының ұйымдастыру әдістерінің сәйкестігін айқындау, оларды жетілдіру бойынша Орталық басшылығына ұсынымдар дайындау үшін зерттеулер жүргізеді.

Филиал жұмысының қорытындыларын талдайды, Орталықтың негізгі қызметінің нәтижелері бойынша қорытынды есептерге енгізу үшін материалдар дайындайды;

келіп түскен ақпаратты жинауға және талдауға басшылық жасайды, жауапкершілік аймағындағы төтенше жағдайлар туралы күнделікті мәліметтерді және медициналық-санитариялық қамтамасыз ету іс-шаралары бойынша өз ұсыныстарын жасайды және баяндайды;

Филиалдың жедел тобының және медициналық құралымдардың мүлкін жинауды, беруді, керек-жарағын және төтенше жағдай аймағына уақтылы жеткізуді ұйымдастырады;

төтенше жағдай аймағындағы медициналық-санитариялық жағдайды тұрақты қадағалауды қамтамасыз етеді;

Филиал қызметкерлерін хабарландыру және жинау бойынша жұмысты ұйымдастырады.

Төтенше жағдай ауданына келгеннен кейін:

1) радиостансаны (рация) пайдалана отырып, шұғыл медициналық көмек көрсету және зардап шеккендер мен науқастарды эвакуациялауға дайындау, тіркеу және медициналық сұрыптау, қабылдау бойынша құралымдардың жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді);

2) зардап шеккендер мен науқастарды қабылдау, медициналық көмек көрсету және емдеуге жатқызу бойынша медициналық ұйымдармен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

3) зардап шеккендер мен науқастарды оларды қабылдауға арналған медициналық ұйымдарға немесе далалық көп бейінді госпитальға эвакуациялауды ұйымдастырады;

4) Филиалдың диспетчерлік бөлімшесі арқылы емдеу-эвакуациялау іс-шараларының барысы, туындайтын шұғыл қажеттіліктер, сондай-ақ санитариялық көлікке, басқа да күштер мен күшейту құралдарына қажеттілік туралы басшылыққа уақтылы баяндауды қамтамасыз етеді;

5) Төтенше жағдайлар аймағында жұмыс істейтін медициналық бөлімшелер қызметкерлерінің санитариялық-эпидемияға қарсы режимді және қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауын ұйымдастырады және бақылайды.

Филиалдың жеке құрамымен Филиалды жоғары дайындық және төтенше жағдай режиміне көшіру, төтенше жағдайларда емдеу-эвакуациялау іс-шараларын ұйымдастыру бойынша оқу-жаттығуларды, арнайы сабақтар мен жаттығуларды ұйымдастырады және өткізеді.

2. Ол:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы (бұдан әрі-Қазақстан Республикасының Конституциясы);

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (бұдан әрі-Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі);

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан әрі-Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі);

2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодекс);

2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодекс);

2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заң);

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңы (бұдан әрі – "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заң);

"Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңы (бұдан әрі – "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заң);

Денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарды білуі тиіс.

3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары медициналық білім, денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдарда немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

2-параграф. Филиал басшысының орынбасары-дәрігер

4. Лауазымдық міндеттері:

уақытша болмаған жағдайда, науқастануына, демалыстарына, Филиал басшысының іссапарына байланысты төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды өткізуге әзірлікті қамтамасыз ету бойынша филиалдың қызметіне басшылық етеді;

Министрліктің барлық жедел және кезекші-диспетчерлік қызметтерімен және денсаулық сақтау ұйымдарының кезекші-диспетчерлік қызметтерімен байланысты ұстауға және тұрақты ақпарат алмасуға бақылауды жүзеге асырады;

Филиалдың құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын және нәтижелі өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың қызметін бақылайды;

орталық және трассалық медициналық-құтқару пунктін ұйымдастыру-әдістемелік жұмысын, сондай-ақ негізгі қызметін құжаттауды басқарады;

белгілі бір мәселелерді шешуді басқа лауазымды тұлғаларға Филиал бөлімшелерінің басшыларына табыстайды және тапсырады;

Бюджеттік өтінімді қалыптастыруға, негізгі құралдарды түгендеу және есептен шығару жөніндегі комиссиялардың қызметіне қатысады;

Филиалдың кадрларын іріктеуге, Филиалдың жеке құрамын даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыруға қатысады;

Филиалдың негізгі қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

Филиалдың негізгі қызметінің іс-шараларын жоспарлауға, оның негізгі қызметінің тәртібін айқындайтын бұйрықтар мен нұсқаулық-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеуге қатысады;

Төтенше жағдайлар қаупі немесе туындауы кезінде медициналық-санитариялық жағдайды бағалауға қатысады, медициналық-санитариялық іс-шараларды өткізуге шешім қабылдау жөнінде филиал басшылығына ұсыныстар әзірлейді, Орталық басшылығының шешімдерін орындау үшін күштер мен құралдардың қажеттілігі мен қамтамасыз етілуінің қажетті есептеулерін жеке өзі жүргізеді";

медициналық құрамды кәсіби даярлау бойынша оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеуге қатысады. Филиал қызметкерлерінің кәсіби даярлық жүйесінде сабақтарды жеке өзі жүргізеді.

медициналық есепке алу мен есептіліктің белгіленген құжаттарының дұрыс жүргізілуін және анықтығын бақылайды;

Филиалдың құрылымы, жабдықталуы және жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізеді;

филиал құралымдарының штат құрылымының және олардың жұмысының ұйымдастыру әдістерінің сәйкестігін айқындау, оларды жетілдіру бойынша филиал басшысына ұсынымдар дайындау үшін зерттеулер жүргізеді;

Филиал жұмысының қорытындысын талдайды, Орталық негізгі қызметінің нәтижелері бойынша қорытынды есептерге енгізу үшін материалдар дайындайды";

келіп түскен ақпаратты жинауды және талдауды бақылайды, жауапкершілік аймағындағы төтенше жағдайлар туралы күнделікті мәліметтерді және медициналық-санитариялық қамтамасыз ету іс-шаралары бойынша өз ұсыныстарын жасайды және баяндайды;

Филиалдың жедел тобының және медициналық құралымдардың мүліктерін, керек-жарақтарын жинауды, беруді және төтенше жағдай аймағына уақтылы жеткізуді бақылайды;

төтенше жағдай аймағындағы медициналық-санитариялық жағдайды тұрақты қадағалауды қамтамасыз етеді;

Филиал қызметкерлерін хабарландыру және жинау бойынша жұмысты ұйымдастырады.

Төтенше жағдай ауданына келгеннен кейін:

1) радиостансаны (рация) пайдалана отырып, шұғыл медициналық көмек көрсету және зардап шеккендер мен науқастарды эвакуациялауға дайындау, тіркеу және медициналық сұрыптау, қабылдау бойынша құралымдардың жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді);

2) зардап шеккендер мен науқастарды қабылдау, медициналық көмек көрсету және емдеуге жатқызу бойынша медициналық ұйымдармен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

3) зардап шеккендер мен науқастарды оларды қабылдауға арналған медициналық ұйымдарға немесе далалық көп бейінді госпитальға эвакуациялауды ұйымдастырады;

4) Филиалдың диспетчерлік бөлімшесі арқылы емдеу-эвакуациялау іс-шараларының барысы, туындайтын шұғыл қажеттіліктер, сондай-ақ санитариялық көлікке, басқа да күштер мен күшейту құралдарына қажеттілік туралы басшылыққа уақтылы баяндауды қамтамасыз етеді;

5) Төтенше жағдайлар аймағында жұмыс істейтін медициналық бөлімшелер қызметкерлерінің санитариялық-эпидемияға қарсы режимді және қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауын ұйымдастырады және бақылайды.

Филиалдың жеке құрамымен филиалды жоғары дайындық және төтенше жағдай режиміне көшіру, төтенше жағдайларда емдеу-эвакуациялау іс-шараларын ұйымдастыру бойынша оқу-жаттығуларды, арнайы сабақтар мен жаттығуларды ұйымдастырады және өткізеді.

5. Ол:

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

Денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарды білуі тиіс.

6. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары медициналық білім, денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдарда немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

3-параграф. Филиалдың шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімінің басшы-дәрігері

7. Лауазымдық міндеттері:

үйлестіру және практикалық көмек көрсету мақсатында төтенше жағдайдың медициналық-санитариялық салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізуге қатысады;

радиостанцияны (рация) пайдалана отырып төтенше жағдайдың аймағында зардап шеккендерді (науқастарды) қабылдау, тіркеу, медициналық сұрыптау, медициналық көмек көрсету және одан әрі эвакуациялауға дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; медициналық көмек көрсетеді;

Төтенше жағдайлар қаупі төнген немесе туындаған кезде медициналық-санитариялық жағдайды бағалауға қатысады, медициналық-санитариялық іс-шараларды жүргізуге шешім қабылдау жөнінде ұсыныстар әзірлейді, күштер мен құралдардың қажеттілігі мен қамтамасыз етілуінің қажетті есептеулерін жүргізеді;

бос медициналық лауазымдарға кандидаттарды іріктеуді жүзеге асырады және филиал басшылығына қызметкерлерді жоғары тұрған лауазымдарға ұсыну, ауыстыру, жұмыстан шығару, көтермелеу, тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

белгіленген тәртіппен мемлекеттік басқару органдарымен, аумақтық денсаулық сақтау ұйымдарымен ынтымақтастық жасайды және төтенше жағдайдың медициналық-санитариялық салдарларын дайындауды жоспарлау және жою мәселелері бойынша өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

Бөлім қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік және директивалық құжаттарды әзірлеуге қатысады;

Төтенше жағдайлар және олардың медициналық-санитариялық салдарларын жою кезінде халықты медициналық қамтамасыз ету іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

Филиал құрамаларын жабдықтау үшін медициналық, санитарлық - шаруашылық мүлік резервін құруды ұйымдастырады және бақылайды;

дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды есепке алуды, сақтауды, есептен шығаруды жүргізеді;

Орталық филиалдарының медициналық жабдықтарының жарамдылығын бақылауды жүзеге асырады;

медициналық көмек көрсету үшін қажетті дәрілік заттардың ең аз ассортиментінің болуын, олардың сақталуын және ұтымды пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етеді;

Филиалдың медициналық құрамын кәсіптік даярлау бойынша оқу-әдістемелік құжаттарын әзірлеуге қатысады. Кәсіптік даярлық жүйесінде сабақтарды жеке өзі жүргізеді;

командалық-штабтық оқу-жаттығуларды, жаттығуларды, тактикалық - арнайы оқу-жаттығуларды өткізуге қатысады;

Филиалдардың жеке құрамының командалық-штабтық оқу-жаттығуларды, тактикалық-арнайы оқу-жаттығуларды өткізуге дайындығын бақылауды жүзеге асырады.

Ұйымдастырады және бақылайды:

жоғары дайындық және төтенше жағдай режимдерін енгізу кезінде бөлімнің жеке құрамын хабардар ету;

әзірлігін арттыру және тұрақты басқаруды қамтамасыз ету мақсатында құралымдардың жеке құрамымен арнайы дайындық бойынша сабақтар мен жаттығуларды уақтылы өткізу;

қызметкерлердің еңбек тәртібі ережелерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын сақтауын бақылайды;

материалдық-техникалық құралдар қорларын жинақтауды, ұстауды және жаңартуды (жаңартуды) ұйымдастырады;

медициналық есепке алу мен есептіліктің жүргізілуін ұйымдастырады және бақылайды;

Филиал құралымдарының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге және авариялық-құтқару бөлімшелері қызметкерлеріне медициналық көмек көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады;

медициналық жабдықтың жарамдылығын бақылауды, Филиалдың медициналық жабдығына метрологиялық тексеру мен техникалық қызмет көрсетуді жүргізуді жүзеге асырады.

8. Ол:

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;
еңбек заңнамасының негіздерін;

Денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілерді білуі тиіс.

9. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары медициналық білім, денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдарда немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты

4-параграф. Филиалдың шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімі басшысының орынбасары-дәрігер

10. Лауазымдық міндеттері:

Филиал басшысының науқастануына, демалысына, іссапарына байланысты уақытша болмаған жағдайда төтенше жағдайлардың медициналық-санитариялық салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды өткізуге әзірлікті қамтамасыз ету бойынша шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімі қызметіне басшылық етеді;

трассалық медициналық-құтқару пункттерінің медициналық қызметін, жеке құрамын басқаруды жүзеге асырады;

радиостанцияны (рация) пайдалана отырып, ТМҚП диспетчерлерінің жедел және кезекші-диспетчерлік қызметтермен, Денсаулық сақтау ұйымдарының кезекші-диспетчерлік қызметтерімен байланысын ұстауды және тұрақты ақпарат алмасуды қамтамасыз етуді бақылайды);

"жол-көлік оқиғасынан зардап шеккен адамдарға жедел ден қою және уақтылы кешенді көмек көрсету қағидаларын" орындауды бақылайды";

ТМҚП қызметкерлерінің жол-көлік оқиғасы кезінде авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықты сақтауын бақылайды;

ТМҚП және Филиал қызметкерлерінің медициналық құжаттама мен есептілікті жүргізуін бақылауды жүзеге асырады;

үйлестіру және практикалық көмек көрсету мақсатында төтенше жағдай медициналық-санитариялық салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізуге қатысады;

Төтенше жағдай аймағында зардап шеккендерді (науқастарды) қабылдау, тіркеу, медициналық сұрыптау, медициналық көмек көрсету және одан әрі эвакуациялауға дайындау бойынша жұмысты ұйымдастырады; медициналық көмек көрсетеді;

Төтенше жағдайлар қаупі төнген немесе туындаған кезде медициналық-санитариялық жағдайды бағалауға қатысады, медициналық-санитариялық іс-шараларды жүргізуге шешім қабылдау жөнінде ұсыныстар әзірлейді, күштер мен құралдардың қажеттілігі мен қамтамасыз етілуінің қажетті есептеулерін жүргізеді;

бос медициналық лауазымдарға кандидаттарды іріктеуді жүзеге асырады және Филиал басшылығына қызметкерлерді жоғары тұрған лауазымдарға ұсыну, ауыстыру, жұмыстан шығару, көтермелеу, тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

белгіленген тәртіппен мемлекеттік басқару органдарымен, аумақтық денсаулық сақтау ұйымдарымен ынтымақтастық жасайды және төтенше жағдай медициналық-санитариялық салдарларын дайындауды жоспарлау және жою мәселелері бойынша өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

Бөлім қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік және директивалық құжаттарды әзірлеуге қатысады;

Төтенше жағдайлар және олардың медициналық-санитариялық салдарларын жою кезінде халықты медициналық қамтамасыз ету іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

Филиалдың бригадаларын жабдықтау үшін медициналық, санитарлық - шаруашылық мүлік резервін құруды ұйымдастырады және бақылайды;

медициналық көмек көрсету үшін қажетті дәрілік заттардың болуын, олардың сақталуын және ұтымды пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етеді;

Ұйымдастырады және бақылайды:

жоғары дайындық және төтенше жағдай режимдерін енгізу кезінде бөлімнің жеке құрамын хабардар ету;

әзірлігін арттыру және тұрақты басқаруды қамтамасыз ету мақсатында құралымдардың жеке құрамымен арнайы дайындық бойынша сабақтар мен жаттығуларды уақтылы өткізу.

қызметкерлердің еңбек тәртібі ережелерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын сақтауын бақылайды;

дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың өтінімі, есепке алу, есептен шығару үшін жауап береді;

медициналық есепке алу мен есептіліктің жүргізілуін ұйымдастырады және бақылайды;

Филиал және ТМҚП бригадалары табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккендерге және авариялық-құтқару бөлімшелері қызметкерлеріне медициналық көмек көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады;

медициналық жабдықтың жарамдылығын бақылауды, Филиалдың медициналық жабдығына метрологиялық тексеру мен техникалық қызмет көрсетуді жүргізуді жүзеге асырады.

11. Ол:

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;
еңбек заңнамасының негіздерін;

Денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілерді білуі тиіс.

12. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары медициналық білімі, басшылық лауазымдардағы немесе денсаулық сақтау саласындағы мамандық бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты.

5-параграф. Филиалдың қабылдау-эвакуациялау бөлімшесінің басшысы-дәрігер

13. Лауазымдық міндеттері:

бөлімше қызметінің барлық түрлерін жоспарлайды және басқарады;

бөлімше штатын есептеуді және кейіннен жасақтауды жүзеге асырады;

бөлімшенің жеке құрамының кәсіби даярлығын, жетілдірілуін және біліктілігін арттыруды бақылауды жүзеге асырады;

радиостанцияны (рация) пайдалана отырып, төтенше жағдайдың медициналық-санитариялық салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізуге қатысады);

зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету мақсатында әртүрлі сипаттағы төтенше жағдайға шығуды жүзеге асырады;

төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге, оның ішінде авариялық-құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарға қатысатын қызметкерлерге шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыруды және көрсетуді жүзеге асырады;

ересектер мен балалардың шұғыл жағдайларын диагностикалау, емдеу әдістерін меңгерген, қолда бар медициналық аппаратураны (стационарлық және тасымалды) біледі және пайдалана алады);

төтенше жағдай аймағында бөлімшенің уақтылы ұсынылуына,

өрістетілуіне және жұмысына басшылық етеді;

бөлімшені жоғары дайындық және төтенше жағдай режиміне келтіруді басқарады;

төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге емдеу және алдын алу іс-шараларының белгіленген тізбесін көрсете отырып, қабылдауға, медициналық сұрыптауға және зардап шеккендерді уақытша ауруханаға жатқызу шешіміне басшылық жасайды, оларды одан әрі эвакуациялауға дайындайды;

зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуге жеке өзі қатысады, Бөлімше қызметкерлерінің медициналық көмек көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады;

дәрі-дәрмектермен, медициналық бұйымдармен, жабдықтармен бөлуді, сондай-ақ олардың дұрыс сақталуын және мақсаты бойынша пайдаланылуын қамтамасыз етеді, оның есепке алынуын қадағалайды;

бөлімшенің медициналық, санитариялық-шаруашылық және арнайы мүлкін, аппаратурасы мен техникасын пайдалануға дайындығын тексереді;

бөлімшеге бекітілген медициналық жабдықтар мен мүліктердің сақталуын, қызмет көрсетілуін, ақаусыздығын қадағалайды;

қол астындағылардың қалыпты еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

тәртіпті сақтауды және бағыныштылар арасындағы қарым-қатынасты бақылайды;

бөлімшенің санитарлық-техникалық және өртке қарсы жағдайын қадағалайды;

бөлімшеде белгіленген медициналық есепке алуды жүргізуді ұйымдастырады, сондай-ақ жүргізілген жұмыс бойынша қорытынды шығарады;

бөлімшенің медициналық және материалдық-техникалық құралдарын алуды, есепке алуды, сақтауды, дұрыс пайдалануды және есептен шығаруды бақылайды;

командалық-штабтық, тактикалық-арнайы оқу-жаттығуларды, жиын-семинарларды, сабақтарды, жаттығуларды және басқа да іс-шараларды өткізу бойынша құжаттама жобаларын әзірлеуге қатысады;

Төтенше жағдайларды жою, тактикалық-арнайы және командалық-штабтық оқу-жаттығуларды, қоғамдық іс-шараларды медициналық қамтамасыз ету кезінде филиал бригадаларының қатысуы туралы есептік ақпаратты дайындайды.

14. Ол:

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

еңбек заңнамасының негіздерін;

Денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білуі тиіс.

15. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"емдеу ісі" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты.

6-параграф. Филиалдың операциялық-тану бөлімшесінің басшы-дәрігері

16. Лауазымдық міндеттері:

бөлімше қызметінің барлық түрлерін жоспарлайды және басқарады;

Бөлімше қызметкерлерінің кәсіби және моральдық-психологиялық қасиеттерін зерделейді;

бөлімше жеке құрамының кәсіби дайындығына, жетілдіруіне және біліктілігін арттыруына басшылық етеді;

Филиал мен авариялық-құтқару бөлімшелерінің қызметкерлері арасында дәрігерге дейінгі және жедел шұғыл көмек көрсету мәселелері бойынша жүйелі санитариялық-ағарту жұмысын жүргізеді;

радиостанцияны (рация) пайдалана отырып, төтенше жағдайдың медициналық-санитариялық салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізуге қатысады);

зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету мақсатында әртүрлі сипаттағы төтенше жағдайға шығуды жүзеге асырады;

төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге, оның ішінде авариялық-құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарға қатысатын қызметкерлерге шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыруды және көрсетуді жүзеге асырады;

ересектер мен балалардың шұғыл жағдайларын диагностикалау, емдеу әдістерін меңгерген, қолда бар медициналық аппаратураны (стационарлық және жылжымалы) біледі және пайдалана алады);

көрсетілімдер бойынша операциялық араласуды жүзеге асырады;

төтенше жағдай аймағында бөлімшенің уақтылы ұсынылуына, өрістетілуіне және жұмысына басшылық етеді;

бөлімшені жоғары дайындық және төтенше жағдай режиміне келтіруді басқарады;

зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуге жеке өзі қатысады, Бөлімше қызметкерлерінің медициналық көмек көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады;

кажет болған жағдайда зардап шеккендерді қабылдауға, медициналық сұрыптауға және эвакуациялауға көмек көрсетеді;

зардап шеккендерді (науқастарды) тексеру мен емдеудің қолданылатын әдістерінің дұрыстығын, мақсаттылығын, медициналық көмек көрсету стандарттарының орындалуын бақылайды;

бөлімшенің дәрі-дәрмектермен, медициналық бұйымдармен, жабдықтармен уақтылы қамтамасыз етілуін, сондай-ақ олардың дұрыс сақталуын және мақсаты бойынша пайдаланылуын бақылайды, оның есепке алынуын бақылайды;

бөлімшенің медициналық, санитариялық-шаруашылық және арнайы мүлкін, аппаратурасы мен техникасын пайдалануға дайындығын тексереді;

бөлімшеге бекітілген медициналық жабдықтар мен мүліктердің сақталуын, қызмет көрсетуін, ақаусыздығын қадағалайды;

қол астындағылардың қалыпты еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

тәртіпті сақтауды және бағыныштылар арасындағы қарым-қатынасты бақылайды;

бөлімшенің санитарлық-техникалық және өртке қарсы жағдайын қадағалайды;

бөлімшеде белгіленген медициналық есепке алуды жүргізуді ұйымдастырады, сондай-ақ жүргізілген жұмыс бойынша қорытынды шығарады;

бөлімшенің медициналық және материалдық-техникалық құралдарын алуды, есепке алуды, сақтауды, дұрыс пайдалануды және есептен шығаруды бақылайды; командалық-штабтық, тактикалық-арнайы оқу-жаттығуларды, жиын-семинарларды, сабақтарды, жаттығуларды және басқа да іс-шараларды өткізу бойынша құжаттама жобаларын әзірлеуге қатысады;

Төтенше жағдайларды жою, тактикалық-арнайы және командалық-штабтық оқу-жаттығуларды, қоғамдық іс-шараларды медициналық қамтамасыз ету кезінде филиал бригадаларының қатысуы туралы есептік ақпаратты дайындайды.

17. Ол:

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

еңбек заңнамасының негіздерін;

Денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді;

ересектер мен балалардың шұғыл жағдайларын диагностикалау, емдеу әдістері, қолда бар медициналық аппаратураны (стационарлық және жылжымалы) пайдалану тәртібін білуі тиіс.

18. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"емдеу ісі" (хирургия) мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі, тиісті мамандық бойынша денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты.

7-параграф. Филиалдың госпитальдық бөлімшесінің басшы-дәрігері

19. Лауазымдық міндеттері:

бөлімше қызметінің барлық түрлерін жоспарлайды және басқарады;

бөлімше штатын есептеуді және кейіннен жасақтауды жүзеге асырады; Бөлімше қызметкерлерінің кәсіби және моральдық-психологиялық қасиеттерін зерделейді;

бөлімше жеке құрамының кәсіби дайындығына, жетілдіруіне және біліктілігін арттыруына басшылық етеді;

салауатты өмір салты және дәрігерге дейінгі көмек көрсету мәселелері бойынша Филиал мен авариялық-құтқару бөлімшелерінің қызметкерлері арасында жүйелі санитарлық-ағарту жұмысын жүргізеді;

радиостанцияны (рация) пайдалана отырып, төтенше жағдайдың медициналық-санитариялық салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізуге қатысады);

төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге, оның ішінде авариялық-құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарға қатысатын қызметкерлерге шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыруды және көрсетуді жүзеге асырады;

төтенше жағдай аймағында бөлімшенің уақтылы ұсынылуына, өрістетілуіне және жұмысына дайындықты басқарады;

зардап шеккендерді қабылдауға, емдік және профилактикалық іс-шаралардың белгіленген тізбесін көрсетуге және оларды одан әрі эвакуациялауға дайындауға басшылық етеді;

зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуге жеке өзі қатысады, Бөлімше қызметкерлерінің медициналық көмек көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады;

медициналық көмек көрсету стандарттарының мүлтіксіз орындалуын бақылайды;

бөлімшенің дәрі-дәрмектермен, медициналық бұйымдармен, жабдықтармен дұрыс және уақтылы қамтамасыз етілуін, сондай-ақ олардың дұрыс сақталуын және мақсаты бойынша пайдаланылуын бақылайды, оның есепке алынуын бақылайды.

бөлімшенің медициналық, санитариялық-шаруашылық және арнайы мүлкін, аппаратурасы мен техникасын пайдалануға дайындығын тексереді;

бөлімшеге бекітілген медициналық жабдықтар мен мүліктердің сақталуын, қызмет көрсетілуін, ақаусыздығын қадағалайды;

қол астындағылардың қалыпты еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

тәртіпті сақтауды және бағыныштылар арасындағы қарым-қатынасты бақылайды;

бөлімшенің санитарлық-техникалық және өртке қарсы жағдайын қадағалайды;

бөлімшеде белгіленген медициналық есепке алуды жүргізуді ұйымдастырады, сондай-ақ жүргізілген жұмыс бойынша қорытынды шығарады;

қажет болған жағдайда белгіленген кестеге сәйкес кезекшілік атқарады;

бөлімшенің медициналық және материалдық-техникалық құралдарын алуды, есепке алуды, сақтауды, дұрыс пайдалануды және есептен шығаруды бақылайды;

командалық-штабтық, тактикалық-арнайы оқу-жаттығуларды, жиын-семинарларды, сабақтарды, жаттығуларды және басқа да іс-шараларды өткізу бойынша құжаттама жобаларын әзірлеуге қатысады;

Төтенше жағдайларды жою, тактикалық-арнайы және командалық-штабтық оқуларды, қоғамдық іс-шараларды медициналық қамтамасыз ету кезінде филиал бөлімшесінің қатысуы туралы есептік ақпаратты дайындайды.

20. Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

еңбек заңнамасының негіздері;

денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілерді білуі тиіс.

21. Біліктілікке қойылатын талаптар:

"емдеу ісі" мамандығы бойынша жоғары медициналық білім, денсаулық сақтау саласында кемінде 3 жыл жұмыс өтілі, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты.

8-параграф. Филиалдың тылдық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

22. Лауазымдық міндеттері:

Шаруашылық қызмет көрсетуді, филиалдың ғимараттың және орын-жайдың, жабдығы мен автокөліктің тиісті жай-күйін қамтамасыз етеді;

жылыту, сумен жабдықтау, электрлендіру, радиофикация, өрт және күзет сигнализациясы жүйелерінің жарамдылығын бақылайды;

негізгі қорларды (ғимараттарды, сумен жабдықтау жүйелерін, ауа құбырларын және басқа да құрылыстарды) ағымдағы және күрделі жөндеу жоспарларын әзірлеуге, шаруашылық шығыстар сметасын жасауға қатысады;

қызмет көрсетуге шарт жасау үшін қажетті құжаттарды ресімдеуді ұйымдастырады, шаруашылық мақсаттарға бөлінетін материалдар мен қаражаттың тиімді жұмсалуын бақылайды;

байланыс құралдарын, есептеу және ұйымдастыру техникасын енгізу бойынша шаралар қабылдайды;

материалдық-техникалық құралдар қорларын жинақтауды, ұстауды және жаңартуды (жаңартуды) ұйымдастырады;

Филиалдың материалдық-техникалық құралдарының болуы мен жай-күйін тексереді;

төтенше жағдай аймағында Филиал құрамаларының жұмысы кезінде түскен зақымданған (ауырған) адамдарды орналастыруды, материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етуді және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

Филиалда өртке қарсы қауіпсіздік бойынша, сондай-ақ төтенше жағдай аймағында құралымдарды өрістетуге кезінде қорғау және күзету бойынша шараларды ұйымдастырады;

жабдықтың, автокөліктің, байланыс құралдарының, орг-ның жарамдылығын бақылауды жүзеге асырады, Филиалдың техникалары және оған техникалық қызмет көрсету.

23. Ол:

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін"

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;
еңбек заңнамасының негіздері;
өндірістік қызметті реттейтін құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарды білуі тиіс.

24. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары білім (экономикалық, заңгерлік), жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес.

9- параграф. Филиал дәріханасының меңгерушісі

25. Лауазымдық міндеттері:

дәріхананы басқаруды жүзеге асырады;

филиалдың шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімі бригадасы және шұғыл әрекет ету бригадасы және апаттар медицинасы жасағы дәрілік препараттармен уақтылы және сапалы қамтамасыз етуді жүзеге асыру бойынша жұмысты ұйымдастырады;

медициналық көмек көрсету үшін қажетті дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен қамтамасыз етеді;

дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қабылдауды және босатуды жүзеге асырады;

дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар бойынша Филиалдың бюджеттік өтінімін қалыптастырады және ұсынады;

дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтаудың температуралық режимін және басқа да ерекше жағдайларын сақтауды қамтамасыз етеді;

сақталатын мүліктің сандық және сапалық жай-күйіне (оның ішінде қабылдау кезінде) тексеру жүргізеді және анықталған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды;

дәріхананың материалдық ресурстарын ұтымды пайдалануды жүзеге асырады;

пайдаланылған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды кәдеге жарату жөніндегі іс-шараларды бақылауды жүзеге асырады;

материалдық құндылықтар бойынша есепті және белгіленген есептілікті жүргізуді қамтамасыз етеді, есептерді дайындауды және уақтылы ұсынуды жүзеге асырады;

Филиал қызметкерлері арасында дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға жауапты фармацевтикалық қызмет бойынша ақпараттық жұмыс жүргізеді.

26. Ол "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

еңбек заңнамасының негіздерін;

Денсаулық сақтау, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілерді білуі тиіс.

27. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары, фармацевтикалық білімі, мамандығы бойынша жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес.

2 тарау. Мамандар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Филиалдың шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімінің дәрігері

28. Лауазымдық міндеттері:

радиостанцияны (рация) пайдалана отырып, төтенше жағдайдың медициналық-санитариялық салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізуге қатысу);

төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге, оның ішінде авариялық-құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарға қатысатын қызметкерлерге шұғыл медициналық көмек көрсету үшін ұйымға төтенше жағдайға шығуды жүзеге асыру;

кезекшілікті қабылдау-тапсыруға басшылықты ұйымдастыру. Кезекші персоналдың кезекшілікті өткеруін бақылайды және кезекшілікті қабылдау–беруді жүзеге асырады;

Филиал құралымдарын төтенше жағдай аудандарына жіберуді ұйымдастыруға қатысу;

медициналық жабдықтармен, дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен жабдықталуын және шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімі бригадасы мен шұғыл әрекет ету бригадасының дайындығын бақылайды;

бөлімнің Медициналық және материалдық-техникалық құралдарын алуды, есепке алуды, сақтауды және дұрыс пайдалануды және есептен шығаруды бақылау;

медициналық аппаратураның, көлік құралдарының, байланыс құралдарының жай-күйін тексеру; мүлікті жинауды, беруді жүзеге асыруға және төтенше жағдай аймағына Филиалдың шұғыл медициналық көмек көрсету бригадасының уақытылы жеткізілуіне қатысады;

ересектер мен балалардың шұғыл жағдайларын диагностикалау, емдеу әдістерін меңгеру, қолда бар медициналық аппаратураны білу және пайдалана білу;

шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімі бригадасы және шұғыл әрекет ету бригадасы жоғары әзірліктегі іс-шаралардың орындалуын, олардың орындалуын тексеруді қамтамасыз ету;

медициналық, санитарлық-шаруашылық және арнайы мүлікті пайдалануға дайындығын тексеру;

Төтенше жағдайлар департаменті филиалы мен бөлімшелері қызметкерлерінің арасында салауатты өмір салты және алғашқы медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу;

Филиал қызметкерлерін хабардар ету схемалары мен тәртібін әзірлеуді және түзетуді жүзеге асыру;

Төтенше жағдайларды жою үшін шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімі бригадасы және шұғыл әрекет ету бригадасы филиалының, санитарлық көліктің, жеке қорғаныс құралдарының дайындығын бақылауды жүзеге асыру;

командалық-штабтық, тактикалық-арнайы оқу-жаттығуларды, жиын-семинарларды, сабақтарды, жаттығуларды және басқа да іс-шараларды өткізу жөніндегі құжаттама жобаларын әзірлеуге қатысу;

төтенше жағдайларды жою, тактикалық-арнайы және командалық-штабтық оқуларды, қоғамдық іс-шараларды медициналық қамтамасыз ету кезінде филиалдың шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімі бригадасы және шұғыл әрекет ету бригадасы қатысуы туралы есепті ақпаратты дайындау;

медициналық есепке алу құжаттамасын жүргізу;

дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімі бригадасы және шұғыл әрекет ету бригадасы қажеттілігін және қамтамасыз етілуін есептеуді жүзеге асыру;

қолда бар медициналық жабдықтар мен аппаратураларды есепке алуды жүзеге асыру, филиалдың шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімі бригадасы және шұғыл әрекет ету бригадасы қосымша жарақтандыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

төтенше жағдайлардың медициналық-санитарлық салдарын жою кезінде авариялық-құтқару жабдықтарының қолданылуын есепке алуды және бақылауды жүзеге асырады.

29. Ол:

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін;

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын;
еңбек заңнамасының негіздері;

Денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық актілерді білуі тиіс.

30. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары медициналық білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты.

2-параграф. Филиалдың шұғыл медициналық көмек көрсету бөлімінің фельдшері

31. Лауазымдық міндеттері:

төтенше жағдайдың медициналық-санитариялық салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізуге қатысу;

төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерге, оның ішінде авариялық-құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарға қатысатын қызметкерлерге шұғыл медициналық көмек көрсетуді жүзеге асыру;

аппаратураның, шиналардың және жұмсақ мүкәммалдың жай-күйін тексеру. Жұмыс процесінде жұмсалған дәрі-дәрмектерді, медициналық бұйымдарды уақтылы толықтыру;

зардап шеккен адамды (науқасты) тасымалдау кезінде дәрігерге (ол болмаған кезде - өз бетінше) медициналық көмек көрсетуге және қажетті манипуляцияларды орындауға көмектесіп, автомашина салонында болуға тиіс;

медициналық мақсаттағы бұйымдарды уақтылы алу, есепке алу, олардың сақталуын және жаңартылуын қамтамасыз ету;

бөлімнің инвентарлық мүлігін, аппаратурасын және медициналық жабдықтарын түгендеуге, сапалы және техникалық жағдайын тексеруге қатысу, оларды есептен шығаруға немесе жөндеуге тапсыруға актілер мен өтінімдер жасау;

жоғары дайындық және төтенше жағдай режимі жарияланған кезде бөлім мүлкін көлік құралдарына ұтымды тиеу мен орналастыруды жүзеге асыруға қатысу;

бөлімде санитарлық-эпидемияға қарсы режим ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;

белгіленген медициналық есепке алу және есептілік құжаттамасын жүргізу.

медициналық арнайы мүлікті пайдалануға дайындығын тексеру;

салауатты өмір салты және дәрігерге дейінгі көмек көрсету мәселелері бойынша Төтенше жағдайлар департаменті филиалы мен бөлімшелері қызметкерлерінің арасында жүйелі санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу;

